«Ковыленка ауылының НОМ» КММ

# Көктемгі демалыс уақытында жүргізілген іс-шаралар есебі.




Сынып жетекшісі: Кадырбаева С.К.

2024-2025 оқу жылы

**Көктемгі демалыс уақытында жүргізілген іс-шаралар есебі.**
**2024-2025 оқу жылы**

Көктемгі демалыс кезеңінде оқушылардың бос уақытын тиімді әрі пайдалы өткізу мақсатында әртүрлі тақырыптағы іс-шаралар ұйымдастырылды. Шаралар бірнеше бағытта жоспарланды Бұл шаралар оқушыларға шығармашылық, рухани және физикалық дамуға ықпал етіп, мектеп қоғамдастығының ынтымағын нығайтты.
21 наурыз бен 31 наурыз аралығында 9 «А» сынып оқушыларының көктемгі каникул кезіндегі бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында көктемгі демалыс кезіндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес мектеп қабырғасында, онлайын форматында төмендегідей іс-шаралар өткізілді.

**21.03.2025 ж**.
Көктемгі демалыс кезіндегі жоспар бойынша өткізілетін іс-шаралардың бірі- “Жыл басы” тақырыбы бойынша 5 А, 9 А сынып оқушыларымен “Наурыз мерекесі туралы не білеміз?” атты викторина өткізілді. Оқушылар Наурыз мерекесінің тарихы, әр жерде тойлану дәстүрі туралы сұрақтарға жарыса жауап беріп, біраз мәліметтермен танысты.



**22.03.25 ж.**
Әлеуметтік желілерде мектеп оқушыларынан мерекелік құттықтаулар жариялау.






**23.03.2025 ж.**

Көктемгі демалыс кезіндегі жоспар бойынша өткізілетін іс-шаралардың бірі- "Тазару" Көктемгі демалыс кезіндегі жоспар бойынша өткізілетін іс-шаралардың бірі- "Тазару" тақырыбы бойынша 5 А, 9 А сынып оқушыларымен флеш-моб науқаны «Ұлыстың ұлы күні» атты іс-шара өткізілді. Мақсаты: оқушыларға ұлттық мәдениет пен салт-дәстүрді дәріптеу, олардың шығармашылық қабілеттерін дамыту болды. Аталған шараға 5 А, 9 А сынып оқушылары белсене қатысып, ұлттық мерекенің мән-маңызын ерекше би қойылымы арқылы көрсетті. Флеш-моб оқушыларға көтеріңкі көңіл күй сыйлап, демалыс күндерін қызықты әрі мазмұнды өткізуге ықпал етті.










**24.03.25ж**

«Ұлттық мереке-ұрпаққа өнеге» дегендей, Ұлыстың Ұлы күні ұлттық тағамдардың түр-түрі қойылған көңілді мерекелік отбасылық дастархан басында.




**25.03.25ж**

Көктемгі демалыс кезіндегі өткізілетн іс-шаралардың бірі-" Бұл сенің жерің және менің"тақырыбында 5А ,9А сыныптарымен экологиялық экскурсия ұйымдастырылды. Табиғатқа саяхат туған жерді танудан басталады дегендей оқушылар өз ауылымыздың көктемгі әдемі көрінісін тамашалаудан бастап,туған өлкенің тарихын әңгімелеп,табиғатқа деген жауапкершілік әркайсымыздың парызымыз екені айтылды.



**26.03.25 ж.**

Көктемгі демалыс күндерін қызықты әрі пайдалы өткізу мақсатында 5 А , 9 А сынып оқушыларының қатысуымен "Ұлттық ойын – ұлт игілігі" тақырыбында шара ұйымдастырылды. Іс-шарада оқушылар асық ату, тоғызқұмалақ және арқан тарту ойындарына қатысып, өзара сайысқа түсті. Оқушылар белсенділік танытып, ұлттық ойындардың қызығы мен тәрбиелік мәнін сезінді. Шара қызықты әрі көңілді өтіп, демалыс күндері оқушылар үшін жарқын естелікке айналды.



**27.03.25ж**

Көктемгі демалыс күндеріндегі пайдалы іс-шараларының бірі-«Демалыста оқуға шақыру» акциясы аясында 5А, 9А сынып оқушылары «Отбасылық оқу» күнін өз отбасында кітап оқып,мазмұнын талдау сияқты игі істермен өткізді.











**28.03.25 ж**

5А ,9А оқушылар демалыстың бір күнін онлайн фильмдер көруге арнап, «Қара жәшік» және «Біз» деген қазақ телесериалдарын көріп тамашалады.









**29.03.25ж**

5 А, 9 А оқушылары демалыс кезінде ата-аналарына  көмектесіп,отбасында атқаратын игі істерімен бөлісті.





**30.03.25 ж**

Көктемгі демалыс кезіндегі жоспар бойынша өткізілетін іс-шаралардың бірі-еліміздегі мұражайлартарихымен танысу. 5А, 9А оқушылары бейне экскурсиялар жасап, «Алжир» және «Ж.Жабаев» мұражайларына көріп,тарихымен танысты.









**31.03.25 ж**

Көктемгі демалыстың соңғы күні 5А, 9А сынып оқушылары «Біздің отбасымыздың тамыры мен қанаттары» тақырыбында өз отбасында қолданатын ұлттық құндылықтармен бөлісті.






